



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

ТАМЫЗ 2024

Өткен айдағы қарқындаудан кейін, жылдық инфляция 2024 жылғы тамызда баяулау траекториясына оралып, 8,4%-ға тең болды. Азық-түлік бағасының жылдық өсу қарқыны бұрынғы деңгейде сақталды. Бұл азық-түлік пен ауылшаруашылық өнімдерінің өндіруші бағаларының өсу қарқынының баяулығы, сондай-ақ әлем бойынша азық-түлік бағаласының баяулауымен байланысты болды. Азық-түлік емес тауарлар бағасының өсу қарқыны жеделдеді. Бұл жақындағы теңгенің айырбас бағамының әлсіреуінің кешіктірілген әсерінің көрінісімен, сондай-ақ тұрақты тұтыну сұранысының инфляцияға қысым түсіруі жалғасып жатқанына байланысты болды. Бөлек нарықтық қызметтер сегментінде жылдық инфляция жеделдегеніне қарамастан, реттелетін тұрғын-үй коммуналдық қызмет тарифтерінің өсу қарқыны баяулағаны жалпы қызмет көрсету инфляциясына дезинфляциялық әсерін тигізді.


Тамызда жылдық инфляцияның баяулау үрдісі қайта басталып, 8,4% болды (2024 жылғы шілдеде – 8,6%). Бағалардың бір айдағы өсу қарқыны да өткен айға қарағанда сәл бәсеңдеп, 0,6% болды (0,7%). Бірақ көрсеткіштер 2017-2021 жылдардағы орташа тарихи көрсеткіштен жоғары қалпында қалды (0,2%).

Маусымдық факторлар ескерілмеген инфляцияның айлық көрсеткіші 0,79%-ға дейін баяулады (0,91%) (1-график).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

**2-график. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімі, а/а, аннуал., %**




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеуі

Маусымдық факторларды есепке алғанда, көкөніс, темекі өнімдері, жеке тұтынуға арналған электр құрылғылары, аудиовизуалды жабдықтар, көлік қызметі және кешенді демалыс ұйымдастыру қызметі қымбаттағаны байқалады. Сондай-ақ, маусымдық факторлар негізінде түзетілген газ тарифтері айтарлықтай өскені байқалды. Сонымен қатар, жеміс, газет, кітап пен кеңсе тауарлары, сондай-ақ қонақүй қызметі арзандағаны байқалды. Инфляциялық үдерістердің баяулағанына қарамастан, тұтыну қоржынындағы тауарлар мен қызметтердің біразының маусымдық факторлар негізінде түзетілген жылдық өсімі 5%-дық мақсатты деңгейден әлі де жоғары (2-график).

Әртүрлі әдістермен<sup>1</sup> есептелген маусымдық факторлар ескерілмеген базалық инфляцияның бір айдағы орташа мәні де бәсеңдеп, өткен айдағы 0,65%-дан 0,57%-ға түсті (3-график).

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

### Азық-түлік инфляциясы

2024 жылғы тамызда азық-түлік бағасының бір жылдағы өсу қарқыны алдыңғы аймен салыстырғанда өзгеріссіз қалды – 5,5%. Бұл – ет және ет өнімдері, жұмыртқа мен нан-тоқаш өнімдерінің дефляциялық әсері мен қант және кондитерлік өнімдер, жеміс-жидек пен көкөніс, майлар мен тоң майдың инфляциялық қысымындағы тепе-теңдіктің нәтижесі. (4-график).

4-график. Жылдық азық-түлік инфляциясындағы тауарлар бағасының үлесі



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы тамызда азық-түлік бағасының бір айдағы өсімі 0% болды (2024 жылғы шілдеде – 0,2%). Сонымен қатар, тарихи тұрғыдан алғанда, тамызда азық-түлік бағасы орта есеппен 0,2%-ға төмендеген (2017-2021 жылдардағы тамызбен салыстырғанда). Майлар мен тоң майлар, сондай-ақ кондитерлік өнімдер бағасының өсуі азық-түлік инфляциясының айлық

<sup>1</sup> Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% процентілі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.

индексін жоғарылатты. Бұл ретте темекі өнімдерінің бір айдағы инфляциясының баяулауы және жеміс-жидек пен көкөніс бағасының түсуі көрсеткіштің төмендеуіне әсер етті.

Бір айдағы азық-түлік инфляциясына қатты қысым түсірген негізгі фактордың бірі – майлар мен тоң майлар бағасының 1,1%-ға өсуі (2024 жылғы шілдеде 0,5%-ға төмендеген). Тұтыну бағаларының өсуі ауыл шаруашылығында – майлы дақылдар бағасының, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібінде май мен тоң май өндірушілердің бағасы өскеніне байланысты болды. Сонымен қатар, ет бағасының өсу қарқыны 0,2%-ға (2024 жылғы шілдеде – 0,1%) жеделдеуі де тұтыну инфляциясының өсуіне әсер етті. Бұл өсімге ықпал еткен басты факторлар – құс еті бағасының 0,5%-ға және сиыр еті бағасының 0,2%-ға қымбаттауы.

Сонымен қатар, жеміс-жидек бағасының бір айдағы өсімі 1,8%-ға, ал көкөніс бағасы 1,6%-ға төмендеді. Жемістен төмендеу үрдісінің негізгі қозғаушы күші – жүзім (-10%), банан (-2%) және алмұрт (-1,7%) бағалары болды. Кейінгі төрт жылда жүзім бағасы тамыз айында тұрақты түрде айтарлықтай төмендеп келеді. Бұл маусымдық үрдіс тамызда Қазақстан мен көршілес елдерде жүзімнің пісуі мен өнім жинау кезеңінің басталуына байланысты.

Биылғы тамызда көкөніс бағалары өткен айға қарағанда 1,6%-ға төмендегені де байқалды. Бұған, негізінен, картоп, ақ қырыққабат және пияз сияқты өнімдердің бағасы әсер етті. Картоп бағасы 0,3%-ға төмендесе, ақ қырыққабат бағасының өсу қарқыны 1,9%-ға дейін баяулады (2024 жылғы шілдеде – 16,8%), ал пияз бағасының өсімі 1,9%-ға дейін төмендеді (шілдеде – 7,3%). Көкөніс сегментіндегі дефляцияның басты себебі – өнім жинау кезеңінде басталатын маусымдық арзандау уақытының басталуы<sup>2</sup>. Дегенмен, 2024 жылғы тамыздағы маусымдық арзандау алдыңғы кезеңдерге қарағанда айтарлықтай төмен болды. Маусымдық факторлар ескерілген көкөніс бағасының өсімі 2024 жылғы тамызда 6,6% деңгейінде тіркелді.


Сонымен қатар, темекі өнімдері бағасының өсімі де баяулап, 1% болды (шілдеде – 3,8%). Баға өсімі 2024 жылғы 1 шілдеден бастап бірқатар темекі өнімдерінің ең төменгі бөлшек сауда бағасының көтерілуіне байланысты болды, бірақ бұл фактордың әсері біртіндеп әлсіреп келеді.

<sup>2</sup> [Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы](#)

## Азық-түліктің әлемдегі және ішкі бағасы

2024 жылғы тамызда өсімдік майларынан басқа барлық негізгі азық-түлік өнімдерінің ішкі бағалары сыртқы бағалардан асып түсті. Бұл ретте тамызда ет пен қант бағасының дифференциалы кеңейіп, өсімдік майларынікі қысқарды.

5-график. Дәнді дақылдар, нан-тоқаш өнімдері мен жарма, ұн, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі<sup>3</sup>

Әлемдік нарықта дәнді дақылдар бағасы ары қарай төмендеді (0,5% а/а, 11,9% ж/ж, АҚШ долларымен). Бұл бидай бағасының төмендеуіне байланысты болды, себебі әлемде сұраныс азайып, ұсыныс көлемі артты (5-график).

Әлем бойынша дәнді дақылдардың бағасы төмендегеніне қарамастан, ішкі нарықтағы өңделген дән өнімдерінің бағасы өсе түсті. Бұл тамыздағы ішкі және сыртқы бағалардың теңгемен есептелген айырмасының ұлғаюына әсер етті. Сонымен қатар, 2024 жылғы тамызда теңгенің айырбас бағамының аздап әлсіреуі (0,6% а/а) баға дифференциалының одан да қатты ұлғаюына тосқауыл болды.


Айта кету керек, осы жылдың аяғына дейін Қазақстан аумағына бидай әкелуге қойылған тыйым әлемдік дәнді дақылдар бағасының ішкі нарықтағы бағаларға дезинфляциялық әсерін біршама бәсеңдетуі мүмкін<sup>4</sup>.

2024 жылғы тамызда өсімдік майларының әлемдік бағасы (0,8% а/а, 8,1% ж/ж, АҚШ долларымен) пальма майының қымбаттауы нәтижесінде өсті (6-график). Қалған май түрлерінің әлемдік бағасы төмендеді.

Тамыз айында әлемдік және ішкі нарықтағы өсімдік майлары бағасының дифференциалы әлемдік нарықта күнбағыс майының бағасы төмендеп, ал ішкі нарықта өсуіне байланысты аздап қысқарды.

Ішкі бағалардың динамикасына 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында май экспортының ұлғаюы және Ресейде күнбағыс майының қымбаттауы әсер етті.


6-график. Өсімдік майлары, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

<sup>3</sup> Мұндағы және 6,7,8 кестелердегі есептеулер теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамымен жүргізілді

<sup>4</sup> Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

Әлемдік нарықта ет бағасы 0,7%-ға төмендеді (3,7% ж/ж, АҚШ долларымен). Бұл негізінен құс еті, шошқа еті және қой етінің арзандауынан болды, ал сиыр еті қымбаттады (8-график).


2024 жылғы тамызда әлемдік бағаның төмендегеніне қарамастан, ішкі нарықта еттің тұтыну бағасының өсуі ішкі және сыртқы бағалар арасындағы айырмашылықтың ұлғаюына себеп болды.

Сонымен қатар, 2024 жылдың бірінші жартысында құс тұмауының өршуіне байланысты құс етін импорттауға тыйым салынуының салдарынан ет импортының қысқаруы Қазақстандағы еттің қымбаттауына жанама әсер етті.

Әлемдік нарықта қант бағасының 4,7%-ға төмендеуі (23,2% ж/ж, АҚШ долларымен) Таиланд пен Үндістандағы қант өндірісіне қатысты болжамдардың өсуіне, қолайлы күн райы жағдайларына байланысты болды (7-график).

Қазақстанда қанттың тұтыну бағасы төмендегеніне қарамастан, тамыз айында ішкі және сыртқы бағалардың айырмашылығы артты. Себебі сыртқы нарықта қант бағасы едәуір төмендеді.

Қазақстанға қант жеткізушілердің бірі – Ресейден импортталатын қант құнының да төмендегені байқалды.




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

### Азық-түлікке жатпайтын тауарлар инфляциясы

2024 жылғы тамызда азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының бір жылдағы өсімі 7,7%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы шілдеде – 7,3%). Тауарлар құрылымында аудиовизуалды жабдықтар, жеке пайдалануға арналған электрлік құралдар, тұрмыстық заттар және автокөлік бағасының жылдық өсу қарқынының жеделдегені байқалды. Сонымен қатар, киім-кешек пен аяқ киім, дәрі-дәрмек, емдеу жабдықтары мен аппаратуралары, сондай-ақ мұнай өнімдері нарығында дезинфляциялық процестер жалғасуда. Олардың бағасы 2024 жылдың басынан бері өзгеріссіз қалып отыр (9-график).

9-график. Тауарлардың азық-түлікке жатпайтын жылдық инфляциядағы үлесі, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы тамызда азық-түлікке жатпайтын тауарлардың айлық бағасының өсімі 0,8%-ға дейін жеделдеді (шілдеде – 0,7%). Азық-түлікке жатпайтын инфляцияның жеделдеуіне ең көп әсер еткен фактор – аудиовизуалды жабдықтар бағасының үздіксіз өсуі болды (5,3%). Сондай-ақ өсімге ас үй ыдысының (5,8%) және жаңа автомобильдер (2,5%) бағасының жеделдеуі қосымша ықпал етті. Әсіресе отандық жеңіл автомобильдердің (3%) және импорттық көліктердің (1,5%) бағасы өсті.

Сонымен қатар, дәрі-дәрмек, емдеу жабдықтары мен аппаратуралардың бағасы 0,7%-ға төмендегені байқалды. Бұл негізгі фармацевтикалық өнім өндірушілер бағасының өсімі баяулағанына байланысты. Сондай-ақ, жеке көліктердің қосалқы бөлшектері мен керек-жарақтардың бағасы 0,4%-ға арзандады.

### Қызмет көрсету инфляциясы

2024 жылғы тамызда қызмет көрсету бағасының жылдық өсімі 13,6%-ға дейін баяулады (2024 жылғы шілдеде – 14,5%) (10-график). Айлық өсім де алдыңғы айдағы 1,6%-бен салыстырғанда 1,1%-ға дейін төмендеді.


Қызметтер ішінде тамыз айында көлік қызметі бағасының айлық өсу қарқыны 3,3%-ға дейін жеделдеді. Бұл Астана<sup>5</sup> мен Алматы<sup>6</sup> қалаларында 1 тамыздан бастап қоғамдық көлік жолақысының қымбаттауына байланысты болды. Сонымен қатар, амбулаториялық қызметтердің (0,8%), мектепке дейінгі және бастауыш білім беру қызметтерінің (0,6%) бағасы өсті.

2024 жылғы тамызда кейбір нарықтық қызметтер бағасының айлық өсу қарқыны баяулауын жалғастырды. Атап айтқанда, байланыс қызметтері бағасының өсуі 2,3%-ға дейін төмендеді (шілдеде – 7,6%). Сондай-ақ, аурухана қызметтері (0,2% шілдедегі 1,8%-бен салыстырғанда) мен шаштараз және жеке күтім мекемелерінің қызмет бағасының өсуі 0,1%-ға дейін баяулады (шілдеде – 1,2%).

<sup>5</sup> [City Transportation Systems.](#)

<sup>6</sup> [Forbes Kazakhstan.](#)


10- график. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциядағы үлесі, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы тамызда реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтері тарифінің айлық өсу қарқыны 1,9%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы шілдеде – 0,5%), ал жылдық көрсеткіш бойынша өсу 28%-дан 22,9%-ға дейін баяулады. 2024 жылғы тамызда газ тарифтері 11,6%-ға, су бұру қызметтері 1,6%-ға, сүмен жабдықтау 0,9%-ға қымбаттады. Электр қуаты, ыстық су және орталық жылыту құны өзгеріссіз қалды (11-график).


11-график. Өңірлер бойынша реттелетін ЖКҚ бағасының өсуі, 2024 жылғы қаңтар-тамыз, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы тамызда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағалары мамыр айынан бастап алғаш рет өсті. Бұл өсім өсімдік шаруашылығы өнімдерінің қымбаттауына байланысты болды. Өңдеу өнеркәсібінде өнім өндірушілердің бағасы аралық тауарлар мен отын-энергетикалық ресурстар бағасының өсуіне байланысты артты. Қызмет көрсету саласында теміржол мен әуе көлігімен жүк тасымалдау тарифтері өсе түсті.

12-график. Ауыл шаруашылығындағы бағалары  
ж/ж, %




Өңдеу өнеркәсібінде азық-түлік пен сусын бағалары өсіп келеді. Оларды өндірушілердің бағасы жылдық есеппен 3,4% және 9,9%-ға өсті (13-график). Азық-түліктің қымбаттауына нан-тоқаш, макарон, ұн, кондитерлік өнімдер, ұн мен жарма өнімдері, сондай-ақ ет және сүт өнімдері бағасының бір жылдағы қымбаттауы себеп болды. Сонымен қатар, жануарларға арналған дайын жемдердің, майлар мен тоң майларды өндірушілердің бағасы баяу төмендеді.

2024 жылғы тамызда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағалары жылдық есеппен 0,2%-ға өсті (12-кесте). Сала құрылымында үшінші ай қатарынан бидайдың жылдық бағасының өсу қарқыны жеделдеді (тамыз – 4,6%, шілде – 2,7%, маусым – 0,6%). Сонымен қатар, жем-шөп дақылдары, әсіресе жемдік дәнді дақылдар одан ары арзандады. Ауыл шаруашылығында баға үздіксіз өсті, бірақ қарқыны баяулады. Жайылымдағы мал мен құстың (тірі) бағасы жылдық есеппен 2,4%-ға, шикі сүттің бағасы 2,7%-ға өсті. Сонымен қатар, жұмыртқа бағасының жылдық өсу қарқыны тамызда айтарлықтай баяулап, 5,2%-дан 0,7%-ға дейін төмендеді. Бұл жұмыртқа өндірісінің күш алуына байланысты болды.

13-график. Азық-түлік өндірушілердің бағалары  
ж/ж, %



14-график. Өнеркәсіптегі бағалары, ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы тамызда теміржол көлігімен жүк тасымалдау тарифтері 14,1%-ға қымбаттап, өсуін жалғастырды. Ал автокөлікпен және әуе көлігімен жүк тасымалдау құны өзгеріссіз қалды (15-график).

2024 жылғы тамызда қысқа мерзімде пайдаланылатын тауарлар бағасының өсуі жеделдеді және жылдық есеппен 6,3%-ға жетті. Ал құрылыс материалдарының бағасы 3,2%-ға өсті. Сонымен қатар, күрделі тауарлардың бағасы жылдық есеппен 1,7%-ға өсті (14-график).

15-график. Жүк тасымалдау тарифтері, ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ